

## 2019 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 6 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 қаңтарда № 6661 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

“Халықты жұмыспен қамту туралы” Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7), 8) тармақшаларына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2019 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін бір пайыз мөлшерінде жұмыс орындарына квота осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жалағаш ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жалағаш ауданының әкімі*

*Қ. Сәрсенбаев*

Жалағаш ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы “21” қаңтардағы  
№ 6 қаулысына 1-қосымша

## 2019 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Жұмыскерлердің тізімдік санынан квотаның көлемі (пайыз)	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	“Сыр Арна” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	15	1	1
2	“Ер-Әлі” шаруа қожалығы	35	1	1
3	“Бірлік А” шаруа қожалығы	20	1	1
4	“Есжанов” шаруа қожалығы	10	1	1
	БАРЛЫҒЫ	80		4

Жалағаш ауданы әкімдігінің

**2019 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Жұмыскерлердің тізімдік санынан квотаның көлемі (пайыз)	Квота белгіленген жұмыс орындарының саны (адам)
1	“Мақпалкөл” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	84	1	1
2	“Талап” шаруа қожалығы	8	1	1
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	92		2